

ҚазМАТУ Түлектер клубының құрылтайшылар кеңесімен  
«БЕКІТІЛГЕН»  
«19» 01 2007 ж.

"УТВЕРЖДЕН"  
Советом учредителей Клуба выпускников КазГАТУ  
«19» 01 2007 г.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі  
Астана қаласының  
әділет департаменті  
Занды тұлғаға мемлекеттік  
қайта тіркеу жүргізілді  
2007ж «02» 02  
Куәлік №249131901-ҚБ

УСТАВ  
общественного объединения  
«Клуб выпускников Казахского  
государственного агротехнического  
университета им. С.Сейфуллина»  
Қоғамдық бірлестігінің  
ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы - 2007 ж.  
город Астана - 2007 г.

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1.** "С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің Түлектер клубы" Қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі "Ұйым" деп аталады) қазіргі заңдық күші бар заңнамаға сәйкес мамандарын ерікті түрде біріктірген өзін-өзі басқаратын қоғамдық ұйым болып табылады.

**1.2.** Бірлестіктің толық атауы

• Орыс тілінде: **Общественное объединение "Клуб выпускников Казахского государственного агротехнического университета им. С.Сейфуллина"**.

• Қысқартылған атауы: **Общественное объединение "Клуб выпускников КазГАТУ"**.

• Қазақ тілінде: **"С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің Түлектер клубы" Қоғамдық бірлестігі.**

• Қысқартылған атауы: **"ҚазМАТУ Түлектер клубы" Қоғамдық бірлестігі.**

**1.3.** Бірлестік коммерциялық емес ұйым болып табылады, оның негізгі мақсаты пайда емес және ол пайдасын құрылтайшылар арасында үлестірмейді.

**1.4.** Бірлестік өзінің жарғылық міндеттерін орындау барысында, Қазақстанның Ата Заңы, "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Заң, ҚР Азаматтық кодексі, осы Жарғы ережелері негізінде және халықаралық принциптер мен нормаларды басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.

**1.5.** Бірлестік заңды тұлға болып табылады, өз оқшауландырылған мүлкі бар және өз міндеттері бойынша осы мүлікпен жауап береді, өз атынан мүліктік құқықты және жеке мүліктік емес құқықты іске асыра алады және сатып алады, сотта жауап беруші және талапкер бола алады.

**1.6.** Бірлестіктің өз балансы, есеп айырысу және валюталық, сондай-ақ басқа да есеп айырысу шоттары, өз атауы жазылған мөрі, мөртабаны және бланкілері бар.

**ҚазМАТУ Түлектер клубының орналасқан жері: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 62 үй.**

**1.7.** Қоғамдық ұйым өз қызметін Астана қаласының аумағында жүзеге асырады.

## **2. ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ**

**2.1.** Ұйым қызметінің түрлері:

• аз қамтамасыз етілген отбасы студенттерінің, жетім студенттердің, шығармашылық дарынды студенттердің оқуына көмектесу, материалдық қолдауды керек ететіндерге атаулы стипендия тағайындау және олардың оқуымен байланысты немесе қоғамдық жұмыстарға, көркемөнерпаздар байқауына, түрлі шығармашылық конкурстарда спорттық жетістіктерге жету тәрізді басқалай көмектерге әрекет ету;

• аспиранттарға және ауыл шаруашылық саласында келешек бағыттарда жұмыс істейтін жоғарғы оқу орындарындағы жас ғалымдарына, өндірістерге ғылыми өңдеулерді енгізуге көмек көрсету, сонымен қатар нақты

ауылшаруашылық аймақтарды дамытуға айтарлықтай пайда әкелетін біршама маңызды ғылыми тақырыптарға қаржылық көмек көрсету;

- жоғарғы оқу орындарының ардагерлеріне материалдық көмек көрсету;
- Клубтың мақсаттарына жауап беретін халықаралық байланыстарды нығайту мен дамытуға, Клуб қызметіне ұқсас істер атқаратын шетелдік ұйымдармен ғылыми және іскерлік қатынастар жасауға әрекет ету;
- Клубтың мақсатымен байланысты жобаларды енгізу және жүзеге асыру үшін басқа да (отандық және шетелдік) ұйымдар, мекемелер мен жеке тұлғалармен байланыстарды жүзеге асыру;
- студенттер мен университет қызметкерлерін әлеуметтік қорғау және ауқатты өмір сүруін көтеру бағдарламалары мен іс-шара жобаларын әзірлеуге және енгізуге қатысу;
- қайырымдылық істеріне қатысу, атаулы гранттарды тағайындау.

2.2. Клуб қызметінің мақсаты С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің түлектері мен оқытушыларының, студенттерінің әл-ауқаттарын көтеру, қаржылық жағынан нығайту, құқықтық қорғау болып табылады.

### **3. БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

#### **3.1. Ұйымның құқықтары:**

осы Жарғыда анықталған қызмет түрлеріне сәйкес халықаралық ынтымақтастықты тікелей жүзеге асыру;

мемлекеттік және шетелдік ЭЕМ жүйелері мен мәліметтер банкімен автоматтандырылған байланыс орнату;

3.2. Ұйым өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асырады.

3.3. Ұйым республика басқармасында және билік органдарында өз мүшелерінің мүдделерін қорғайды,

осы инстанцияларға жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбиелік үрдісті жақсарту, университет студенттері мен қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қолдау бойынша ұсыныстарымен кіреді.

3.4. Ұйым өз мүлкі мен қаражаттарын иелену, қолдану, пайдалану құқықтарын жүзеге асырады, ол заңды тұлға болып табылады. Бірлестік өзінің міндеттері бойынша заңға сәйкес өндіріліп алынатын өз мүлкімен жауап береді.

3.5. Ұйым ҚазМАТУ Түлектері клубы мүшелерінің міндеттері бойынша жауап бермейді, сол сияқты Ұйым мүшелері оның міндеттері бойынша жауап бермейді. Ұйым өз мүлкін қазіргі заңдық күші бар заңнамаға сәйкес иеленеді, басқарады және пайдаланады.

3.6. Алынған табыс Ұйым мүшелері арасында бөлінбейді, ол жарғылық мақсаттарды іске асыруға пайдаланылады.

### **4. ҰЙЫМНЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

#### **4.1. Ұйым міндеттері:**

Қазақстан Республикасының заңнамаларын, өз қызметі саласындағы жалпы жұрт мойындаған ережелер мен нормаларды, сондай-ақ осы Жарғыда қарастырылған нормаларды сақтау;

- Осы Жарғыны тіркеуден өткізген органға жыл сайын басшы органның мекен-жайын көрсетіп отыру және өз қызметін жалғастыруы туралы ақпарат беру;

Қоғамдық бірлестікті тіркеуден өткізген органның сұранымы бойынша басшы органның шешімімен құжаттар, сондай-ақ өз іс-әрекеті туралы тоқсандық және жылдық есептер беру;

- Қоғамдық бірлестікті тіркеуден өткізген орган өкілдеріне Жарғылық мақсаттарына жетуге және заңнаманы сақтаумен байланысты Ұйым іс-әрекетімен танысуда жәрдем көрсету.

### **5. ҰЙЫМ МҮШЕЛЕРІН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ОДАН ШЫҒУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

5.1. Ұйым мүшелік шарттарын, басқару құрылымын, еңбекақыны төлеу жүйесі мен мөлшерін, мүшелері мен қызметкерлерін әлеуметтік қорғау шараларын өз бетімен анықтайды, сондай-ақ Ұйымға кірмейтін ведомстваларда, қоғамдарда, кәсіпорындарда, ұйымдарда және басқа да

мекемелердегі өз мүшелерінің қызметтеріне сүйенеді, өзіндік материалдық-техникалық базаны қалыптастырады.

### **5.2. Ұйымға мүшелік.**

Ұйымға қызметі Ұйым жарғысының басты мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтік жеке тұлғалар мүше бола алады. Ұйымға мүшелік ерікті негізде жүргізіледі.

### **5.3. Ұйым мүшелерін қабылдау тәртібі мен шарттары:**

Ұйымға жаңа мүшелерді қабылдау туралы шешім құрылтайшылар кеңесінде қабылданады. Ұйымға мүше қабылдау шешімі оған Ұйым құрылтайшаларының көпшілігі дауыс бергенде ғана нақты болып табылады.

5.4. Ұйымға мүшелікті растайтын құжат Ұйымға мүшелікке қабылдау туралы ҚазМАТУ Түлектер клубы құрылтайшылары жиналысының хаттамалық шешімі болып табылады, ол мүшелік куәлікпен рәсімделіп, мөрмен расталады.

### **5.5. Ұйым мүшелігінен шығу тәртібі мен шарттары:**

Ұйымға мүшелік өз ынтасы бойынша ҚазМАТУ Түлектер клубы төрағасының атына жазбаша өтініш негізінде тоқтатылады.

Осы Жарғы ережелерін дөрекі және үздіксіз бұзғаны үшін Ұйым мүшесі құрылтайшылар жиналысының шешімімен (көпшілік дауыспен) Ұйым мүшелігінен шығарылуы мүмкін. Ұйымнан шыққан мүшенің Ұйымға берген мүлкін немесе ақшалай қаржысын қайтарып алуға құқығы жоқ.

### **5.6. Ұйым мүшелерінің құқықтары:**

- Жалпы жиналысқа қатысу;
- Тексеру және басқару органдарына тағайындалуға және тағайындау; Ұйым жүргізетін барлық шараларға қатысу;

Ұйым қызметімен байланысты мәселелер бойынша Ұйымның кез келген органдарына ұсыныстар жасау;

- Ұйымды басқарудың тиісті органдарынан құқықтық қорғау және әлеуметтік көмек сұрау;

Өз ынтасы бойынша қаржылық жыл аяқталған соң Ұйым мүшелігінен шығуға құқылы.

### **5.7. Ұйым мүшелерінің міндеттері:**

- Ұйым Жарғысын бұзбау;
- Ұйым міндеттері мен мақсаттарын орындауға белсенді қатысу, оны басқарушы органдарының шешімдерін жүзеге асыру;

Ұйымға әлемдік қолдау көрсету, ол - қаржылық жарна немесе клуб жұмысы, сондай-ақ университет қызметіне басқалай да көмек көрсету түрінде жүргізіледі;

Егер жасасқан Құрылтайшы келісімнің шарттарына және Ұйым мүшелері бекіткен Жарғыға сәйкес болса, Ұйым басқару органдары шешімін орындау.

## **6. ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТІ**

### **6.1. Ұйымның Жоғарғы, Атқарушы және Бақылау органдары.**

Қоғамдық ұйымның жоғарғы басқару органы Түлектер клубының құрылтайшылар кеңесі болып табылады; әрі қарай (Кеңес)

Кеңеспен атқарушы комитет пен тексеру комиссиясы тағайындалады.

Кеңестің өкілеттілігі:

- ұйымның ішкі нұсқаулары мен ережелерін әзірлеп, бекітеді;
- Жарғыға сәйкес Кеңестің ерекше құзыретіне кірмейтін Ұйым қызметінің мәселелерін шешеді, Ұйым құрылымын, штаттық кестесін, аппарат санын бекітеді;
- бекітілген смета және қабылданған шешім аясында Ұйымның мүлкін және ақшасын иеленеді;
- Ұйым мүшелерінің сұрақтарын қарастыруды ұйымдастырады: Ұйымның баспа органы жұмысын ұйымдастырады;
- Түлектер клубы төрағасына үміткерді бекітуге Кеңесте ұсынады.

Ұйымды басқарудың атқарушы органы Ұйымның Атқару комитеті болып табылады (әрі қарай атқарушы комитет), оның құрамында: төраға орынбасары, клуб менеджері, бухгалтер. Ұйымның Бақылау органы Ұйымның Тексеру комиссиясы болып табылады.

### **6.2. Қоғамдық ұйымның жалпы отырысы.**

- Түлектер клубы төрағасына үміткерді, атқарушы комитетті және тексеру комиссиясын бекітеді.

Қоғамдық ұйымның жалпы отырысы жылына бір реттен кем шақырылмайды. Түлектер клубының кезектен тыс жиналысы (Кеңес) Ұйым құрылтайшыларының ынтасы бойынша шақырылуы мүмкін (құрылтайшылардың жартысынан көбі). Түлектердің есептік-таңдау кеңесі үш жылда бір рет шақырылады. Түлектер Кеңесінің шақырылуын, күн тәртібі мен өткізілетін жерін Атқарушы комитет Ұйым қатысушыларына шақырудан бір ай бұрын хабардар етеді.

### **6.3. Қоғамдық ұйымның жалпы отырысының ерекше құзіреті :**

Ұйымның Атқарушы комитеті мен Тексеру комиссиясының қызметі туралы есептерін тыңдайды;

- Ұйым Жарғысын қабылдайды және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді;

Ұйымды басқару органдарының құзыретін, ұйымдастырушылық құрылымын және өкілеттілігін қалыптастыру және тоқтатуды анықтайды; Атқарушы комитеттің беретін қаржылық есептерін ұсыну тәртібін, мезгілін сондай-ақ Тексеру комиссияның бақылау жүргізу тәртібін анықтайды. олардың нәтижелерін бекітеді:

Ұйымның басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысу және оларды құру туралы қабылдайды қабылдайды:

- құрылтайшылар меп мүшелердің ұсынысы бойынша Атқарушы комитеттің, Ұйымның Тексеру комиссиясы мүшелерін бекітеді;

Ұйым мүшелерінің ақшалай немесе басқа да мақсатты жарғы мөлшері мен төлеу тәртібін анықтайды;

- Ерікті қайта құру туралы шешім қабылдайды.

6.4. Егер жалпы отырысқа Ұйым мүшелерінің 50% өкілі қатысса, ол құқықтық өкілетті болып табылады.

6.5. Жалпы отырыстың шешімдері Ұйым мүшелері өкілдерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Ұйым мүшелерінің әрбір өкілі дауыс беруде бір дауысқа ие.

#### **6.6. Атқарушы комитеттің өкілеттігі:**

- ҚазМАТУ Түлектер клубы құрылтайшылар кеңесі мен кезекті Кеңестерде қарастырылатын мәселелерді жинайды және дайындайды;
- Кеңес қарауына Ұйым қызметінің жобалары мен бағдарламаларын дайындайды және ұсынады;
- Кеңес шешімін іске асыруды қамтамасыз етеді;

Ұйым ережелері мен ішкі нұсқауларын жасап шығарады және бекітеді;

«Ұйым мүшелігіне жаңа мүшелерді қабылдау туралы материалдар дайындайды және оларды Ұйым құрылтайшылары кеңесіне қарастыруға ұсынады;

6.7. Жекелеген жағдайларда Ұйымның Атқарушы комитеті мүшелерінен сауалнама алу арқылы шешім қабылдауға рұқсат беріледі, бұл ретте тиісті құжаттар рәсімделеді.

## **7. БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ОРГАНЫ**

7.1. Ұйымның қаржы және шаруашылық іс-әрекетін тексеруді бақылау-тексеру комиссиясы жүргізеді, оны жалпы жиналыс 3 жылға сайлайды.

7.2. Бақылау-тексеру комиссиясы мүшелерінің саны 3 адамнан тұрады.

7.3. Комиссия мүшелеріне Ұйым құрылтайшылары кеңесінің мүшелері кірмейді.

7.4. Ұйымның барлық лауазымдық тұлғалары бақылау-тексеру комиссиясының сұранымы бойынша қажетті ақпараттар мен құжаттарды беруге міндетті.

## **8. МҮЛКІ**

8.1. Жарғыда көрсетілген Ұйымның материалдық қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті Ұйым меншігінде жер учаскесі, ғимараты, тұрғын үй қоры, көлігі, жабдықтары, мүлкі, ақша қаражаттары бола болады.

8.2. Ұйым меншігінде оның жарғылық мақсаттарына сәйкес Ұйым қаражаты есебінен құрылған және сатып алынған мекемелері, баспалары, бұқаралық ақпарат құралдары болуы мүмкін.

8.3. Ұйым мүлкі ерікті жарналар және қайырымдық жарналар, осы жарғыға сәйкес откізілген дәрістер, көрмелер, лотереялар, мәдени және спорттық-сауықтыру шаралары; Ұйымның кәсіпкерлік іс-әрекеттерінен түскен кірістер; азаматтық-құқықтық мәмілелер; Ұйымның сыртқы экономикалық іс-әрекеті және басқа да заң жағынан тыйым салынбаған түсімдер негізінде қалыптасады.

8.4. Мүліктің меншік иесі Ұйым болып табылады. Ұйымның әрбір қатысушының бірлестікке тиесілі мүлік үлесіне құқығы жоқ.

## **9. ЖАРҒЫҒА ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

**9.1.** Ұйым Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу Ұйымның Жоғарғы басқару органы - Кеңестің ерекше құзыретіне жатады. Ұйым Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу ұсынысы Түлектер клубы құрылтайшыларының кеңесі (кемінде 50%) немесе Тулектер клубы филиалдары (кемінде 50%>) ықыласымен болуы мүмкін.

## **10. БІРЛЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОЮ**

10.1. Ұйымды қайта ұйымдастыру (біріктіру, бөлу, түрлендіру немесе жою) Ұйым өкілдері Кеңестің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

10.2. Ұйым мүлкі ол қайта құрылғаннан кейін пайда болған заңды тұлғаға ҚР Заң кодекісіне сәйкес беріледі.